



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 06.81.23



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-60-74>

Children's philosophy: a global movement aimed at the formation of practical and philosophical thinking skills

Gulkhan Nuradin^a, Ulbosyn Kiyakbaeva^b, Asiya Akkulieva^c, Dina Kulbaeva^a

^a*M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

^b*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

^c*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

✉ akkulieva_asiya@mail.ru

Abstract. Children have long developed critical and creative thinking through reading and writing. In today's rapidly changing world, it is important to make reasoning accessible through philosophy. Modern children are not only capable of engaging in philosophy, they also need it. Gifted children represent the intellectual capital of the state and the driving force of societal progress. The current secondary education system is not sufficient to quickly master and develop advanced technologies. There is a growing need to support and expand children's worldview, foster logical thinking, and help them justify their ideas. Every decision made at the state level impacts future generations. Philosophy for children offers a way to involve them in this process and helps them understand their own needs. The saying, "If you're so smart, why are you poor?" reflects the American idea that intelligence leads to wealth. Similarly, the phrase "America doesn't do anything - Americans do!" highlights the role of personal initiative and consciousness. These ideas underscore the importance of nurturing philosophical thinking from an early age. This article explores strategic and program documents on children's education and protection, as well as global research and practices in the "Philosophy for Children" program. It promotes using philosophical methods to develop thinking, studying, and differentiation skills.

Keywords: philosophy for children; philosophy of childhood; tabula rasa; pedagogy of the philosopher; bifocal and multifocal; practical philosophy

For citation:

Nuradin G., Kiyakbaeva U., Akkulieva A., Kulbaeva D. Children's philosophy: a global movement aimed at the formation of practical and philosophical thinking skills // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 60-74. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-60-74>

Сілтеме жасау үшін:

Нұрадин Г., Қияқбаева Ұ., Аккулиева А., Кульбаева Д. Балалар философиясы: практикалық-философиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаһандық қозғалыс // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 60-74. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-60-74>

Балалар философиясы: практикалық-философиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаһандық қозғалыс **Гүлхан Нұрадин^а, Ұлбосын Қияқбаева^б, Асия Аккулиева^с, Дина Кульбаева^а**

^аМ.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

^бАбай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

^сӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Философия для детей: глобальное движение, направленное на формирование навыков практико-философского мышления **Гүлхан Нурадин^а, Улбосын Кыякбаева^б, Асия Аккулиева^с, Дина Кульбаева^а**

^аТаразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

^бКазахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

^сКазахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Ғасырлар бойы оқу мен жазу арқылы сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытатынын дәлелдеген және парадигмалардың қарқынды өзгеруіне куә болған балалар үшін философия арқылы пайымдауды қолжетімді ету өзекті. Қазіргі балалар философиямен айналысуға қабілетті ғана емес, оған мұқтаж. Дарынды балалар қоғамның ілгерілеуінің кепілі және мемлекеттің интеллектуалды инвестициялық капиталы. Орта білім беру саласының қызметтік жүйесі озық технологияларды тез игеру және дамыту үшін жеткіліксіз, есесіне балалардың ой-өрісі мен дүниетанымын насихаттау, қолдау, кеңейту, логикалық ойлау және өз ойларын дәлелдеу қажеттілігі бар. Мемлекеттік деңгейдегі әр қадам болашақ ұрпақтың есебінен жүзеге асырылады, балаларға арналған философия осы іске қатысуға, баланың өзіне деген қажеттілікті анықтауына мүмкіндік береді. «Егер сен ақылды болсаң онда неге кедейсің?» деген американдық принцип ақылдылық байлықтың кепілі екеніне көз жеткізеді. «Америка түк істемейді, барлығын жасайтын Американдықтар!» деген танымал сөздің түбінде де ұрпақ санасы мәселесі жатыр. Жас Қазақстандықтарды философиямен ерте жастан жүздестіру қоғам үшін саналы әрекет болып саналуы тиіс.

Мақала балаларды қорғау, тәрбиелеу және білім беру саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың ерекшеліктері мен тиімділігіне, сондай-ақ «Балаларға арналған философия» бағдарламасын құрушы және тәжірибелеуші әлемдік университеттердің ғылыми жарияланымдарына негізделген.

Мақала авторлары философияның күрделі ғылыми әдістерін оңтайландыру арқылы баланы «ойлау», «зерделеу», «саралау» дағдыларын ұтымды пайдалана отырып бірқатар кедргілерді басқару әдістерін дамытуға ықпал ету мәселесін терең зерттеуге шақырады.

Түйін сөздер: балалар философиясы; балалық шақ философиясы; *tabula rasa*; философ педагогикасы; бифокал және мультифокал; практикалық философия

Аннотация. Для детей, которые на протяжении веков доказывали, что они развивают навыки критического и творческого мышления посредством чтения и письма, и стали свидетелями стремительного изменения парадигм, важно сделать рассуждение доступным через философию. Современные дети не только способны заниматься философией, но и нуждаются в ней. Одаренные дети – залог прогресса общества и интеллектуального инвестиционного капитала государства. Служебная система сферы среднего образования недостаточна для быстрого освоения и развития передовых технологий, зато есть потребность в пропаганде, поддержке, расширении кругозора и мировоззрения детей, логическом мышлении и доказательстве своих мыслей. Каждый шаг на государственном уровне осуществляется за счет будущих поколений, философия для детей позволяет участвовать в этом деле, определять потребность ребенка в себе. "Если ты умный, то почему ты бедный?" американский принцип гарантирует, что интеллект является гарантом богатства. "Америка – это американцы, которые делают все!" в основе популярной поговорки лежит проблема сознания поколений. Знакомство молодых казахстанцев с философией в раннем возрасте должно считаться сознательным поступком для общества.

Статья основана на особенностях и эффективности стратегических и программных документов в области защиты, воспитания и образования детей, а также на научных публикациях мировых университетов, создающих и практикующих программу «Философия для детей».

Авторы статьи призывают к углубленному изучению проблемы содействия развитию у ребенка методов управления рядом препятствий с рациональным использованием навыков «мышления», «изучения», «дифференциации» путем оптимизации сложных научных методов философии.

Ключевые слова: философия для детей; философия детства; *tabula rasa*; философская педагогика; бифокальная и мультифокальная; практическая философия

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде «балаларға арналған философия» жаһандық деңгейде белсенді түрде дамып келе жатқан философия бағытына айналды. Бұл бағыт баланың тұлғалық және когнитивтік әлеуетін дамытуға бағытталған практикалық философиялық тәсіл ретінде қарастырылады. ЮНЕСКО-ның 2015 жылғы «Philosophy and Children» бастамасында: «білімге философияны ерте енгізу балаларға 21-ші ғасырдағы азаматтықтың дағдысы болып табылатын – сыни және этикалық тұрғыдан ойлау, ашық диалогқа қатысу қабілеттерін қалыптастырады» (ЮНЕСКО, 2015). Ұлыбританиядағы «The Philosophy Foundation» балалармен сұхбаттасу форматындағы философиялық әңгімелесуді енгізіп, мектеп бағдарламасына кіргізуге бейімдеуде. Нидерланды, Канада, Австралия және Бразилия сияқты елдерде философиялық шеберлік, креативті ойлау бағдарламалары мен математиканың жаттығулар кеңінен тараған. Балаларға арналған философия саласында халықаралық ICPI (What is philosophy for/with children) қауымдастығы және «Thinking, Childhood & Philosophy» (Thinking, 2023) сияқты ғылыми журналдарда тұрақты зерттеулер жүргізіліп келеді. Бұл тенденциялар балалар философиясының жаһандық қозғалысқа айналғанын дәлелдейді.

Қазақстанда «балалар философиясы», «балаларға арналған философия», «балалық шақ философиясы» ұғымдары ғылыми айналымға енді ғана еніп келе жатыр. Аталған ұғымдардың мазмұны мен қолдану аясы әртүрлі болғанымен, барлығы да бала санасының дамуын философиялық тұрғыдан пайымдауға негізделген және балаларды арнайы зерттейтін психология және педагогика ғылымдарымен астасып жатыр. «Балалық шақ философиясы» ұғымы ғылым, тарих, дін сынды философиялық зерттеудің арнайы салалары сияқты өз бастауын антикалық дәуірден алып, баланың табиғатымен, болмысымен қоса түбегейлі қарастыруға бағытталады. «Балаларға арналған философия» көбіне балаларды дұрыс тәрбиелеуге бағытталған зерттелім нәтижелері мен ұсыныстарынан тұрады. Аталған ұғымдарды жалпы «балалар философиясы» бағытында еркін қолдана беруге болады.

«Бала психологиясы», «бала педагогикасы», «бала физиологиясы», «бала құқығы», «балалар әдебиеті» сынды ұғымдардың бала философиясына қарағанда материалдық ауқымдылығы қанағаттанарлық. Бүгінде, әлем халықтарының барлығы қоғамның қалыпты мүшесін ерте жастан дайындау қажеттігін түсінді. Осы тұста философиялық тұрғыдан бір мәселенің бірнеше қырын әр түрлі фокуста қарастыру мәселесі орын алады.

Адамның көз жанары әлсіреп, өзінің қалыпты деңгейінде көре алмаған тұста көз дәрігерлері науқасқа бифокалды және мультифокалды линзалар ұсынады, яғни бір көру аймағынан екінші немесе бірнеше көру аймағына ауысу арқылы бұрын көре алмаған нысанды анық көре алу мүмкіндігін беру. Бифокалды көзілдірік линзаларында екі оптикалық аймақ бар, яғни көзілдіріктің жоғары бөлігі қашықтықты жақындатып көрсетсе, төменгі бөлігі жақынды алыстатып көрсету мүмкіндігіне ие. Демек, бір көзілдірікпен екі көру аймағын қоса қамтуға болады, алайда фокусты көзілдірік киген адам ғана жасай алады. Балалар философиясында да баланың психикалық дамуын түсіндіретін биогенетикалық және социогенетикалық сынды екі даму бағытын бір

уақытта көре алу, сәйкесінше бала болашағын, оны ар жағында елдің болашағын пайымдау мәселесі жатыр.

«Бала» сөзі үнемі «тәрбие» сөзімен сүйемелденеді және ересектердің балаларды өмірге тәрбиелеуі турасындағы бірқатар әрекеттері тәрбие практикасының алғышарты болып табылады. Балалық шақтан ересек шаққа өткен әрбір бала көру, үйрену және қайталау әрекеттері арқылы тәртіптілік, реттілік, мойынұсынушылық сынды дағдыларды сіңіреді. Уақыт өте тәрбие идеяларына діни және философиялық идеялар қосылып оқу мен білімге негізделген педагогикалық-тәжірибелік жүйеге айналды (Бержанов, Мусин, 1986: 86). Осы тұста жас балаларды дұрыс өмір сүруге дайындайтын арнайы оқу-тәрбие мекемелерінің қажеттілігі орын алды. Оған ежелгі Грециядағы қабілет-қарымы жоғары, іріктеуден өткен жас балаларды ғылым-білімге, ел басқаруға, эстетикалық талғамдарын өсіріп, дүниетанымдарын кеңейтуге бағытталған «пайдея» ұғымы дәлел бола алады. Гректер «пайдеяны» баланы тәрбиелеп оқыту, білім беру, өмірге лайықтау деп оқуды, граматиканы, музыканы, эстетиканы және 12 жастан бастап мемлекет көлеміндегі істерге қатыстыруды реттей білді. Пайдея ұғымына гректің «фюсис», яғни «табиғат» ұғымын біріктіруге болады. Фюсис – тәрбие, яғни әрбір адамға жаратылысынан берілген табиғи кепілдік, сондықтанда ол тек адамдарға ғана емес, барлық тіршілік атаулыға да тән. Адамдар арасындағы дарындылық пен тектілік тұқымқуалаушылық түпнегіздік қасиетке ие, оған тәрбие араласпаса ол мүлдем жойылып кетеді. Дәл солай асыл тұқымды жануарлар күтімі қарапайым жануардан гөрі көп талап пен тәртіпті, ынта мен ықыласты, жалпы алғанда тәрбиені талап етеді.

Антикалық пайдеяның екі бағыты болды және ол қазақтың ұлттық тәрбиесіне де жақын.

Біріншісі, белгілі бір полистің немесе азаматтық ұжымның болмысын әкелер рухы аясында тәрбиелеу. Оның түбінде адамды емес, алдымен афиндықты, сосын барып гректі тәрбиелеу жатыр. Қазақ тәрбиесінде де баланы бабалар жолымен тәрбиелеу, бойына ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, әдет-ғұрып т.б. сіңіру жолы жақсы дамыған, түпкі мақсаты текті ұрпақ, жақсы қазақты мәңгі ету;

Екіншісі, құдіретпен, ерекше тылсым күшпен байланысқан тәрбие. Гректер данышпандарды, саясаткерлерді, спортшылар мен ақындарды құдіретті деп санап, қарапайым адамдардан жоғары қойған. Оларға жас баланың тұсауын кестіру, аузына түкірту сынды ырымдармен солар секілді болуын қалау, әулие әмбилерді пір тұту, өз балаларының денсаулығы мен өмірін сеніп тапсыру үрдісі орын алған.

Жапонияда перзенттік құрметтеу (сяо) өте жоғары. Мұнда бала тәрбиесінде, перзенттік парыз бойынша, балалар ата-анасын құрметтеп қана қоймай, оларды сүюге тиіс, бұл қағиданы орындамау – үлкен абыройсыздық, өлімге пара-пар (Петрова және басқалар, 2011: 38).

Философия мектептік пән емес, алайда баланың философиясы бала дүниеге келмеген кезден, тіпті генетикалық және меметикалық тұрғыдан бастау алады. Мәселен, ұлды болашақ әке, қызды болашақ ана ретінде тәрбиелеу, жар таңдау т.б. Университеттер мен колледждерде өтетін философия пәнін жүргізуші әрбір философ-оқытушы – «педагог». Философия тұжырымдамасына сәйкес адамның бала кезі тарихтың ажырамас аспектісі.

Философ Л.Витгенштейннің «философ педагогикасы» ұғымы бұл мәселеге жақсы талдама бола алады. Витгенштейн мұғалімнің өз оқушыларына дұрыс мінез-құлық үлгілерін қалай сіңіре алатынын көрсетеді. Мұғалім өзінің табиғи реакцияларына сүйене отырып іс-әрекет жасайды, іс-әрекеттер уақыт өте келе үйреншікті болады да оқушылардың өмір сүру формасының ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Витгенштейннің пікірінше, біз ережені ұстанудың натуралистік бейнесін қалыптастыра аламыз, алайда біз ережені біздің санамызда жасалып, сақталатын және біздің іс-әрекетіміз кезінде қолданылатын ойлау көрсеткіші ретінде қарастырудың орнына ережеге бағынуды, тіпті соқыр түрде ұстануын қалаймыз. Мұны түсіну үшін «ереже» ұғымын локомотивті тұрақты қозғалып шексіздікке кететін рельстермен ауыстыруымыз керек, яғни логикалық мәжбүрлеу тұрғысынан бізді тым тар ойлауға мәжбүр ететін бейнені ауыстыруымыз керек. Витгенштейн осылайша адамның әрекеттері ережелерді, тілдік ойын техникасын үйрену және меңгеру арқылы игерілетін әлеуметтік мінез-құлықтың белгілі бір үлгілерін қамтитын әлеуметтік лингвистикалық жануар ретінде идеясын қалыптастырады (Витгенштейн, 1994).

Мақаланың жаңашылдығы мен өзектілігі де осында, яғни философия педагогикасы мен философия практикасын балалардың философиялық түсініктеріне негіздеу арқылы бала философиясының мәнін ашу, ұғымды ғылыми айналымға ендіру арқылы ғылыми кеңістігін кеңейту міндетін атқару.

Мақаланың мақсаты – балаларға арналған философияның теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделеу, оның ішінде қазақ дүниетанымындағы тәрбие және тұлғалық даму идеяларымен байланысын көрсету.

Авторлар бала тәрбиесінің тек педагогикалық емес, сонымен қатар философиялық өлшемін анықтауды мақсат етеді. М.Липманның философиялық теориясы мен тәжірибесі балаларға арналған философияны түсіну мен қолданудың негізі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мақала балалар философиясының қазақстандық контексте дамуына ықпал етуге бағытталған алғашқы қадам ретінде қарастырылады. Мақала теориялық және әдістемелік көзқарастарды талдауға бағытталды.

Материалдар мен әдістер

Мақалада балаларға арналған философия бағытындағы теориялық және қолданбалы материалдарға кешенді талдау жасалады. Зерттеудің теориялық негізін М.Липманның «ойлау туралы ойлау» (Lipman, 2003) және Л.Витгенштейннің (Витгенштейн, 1994) философиялық-педагогикалық тұжырымдамалары құрайды. Осы теориялық негізге сүйене отырып, зерттеудің әдістемалық базасы ретінде бифокалды және мультфокалды көзқарастардың метафоралық (De Marzio, 2021) үлгілері ұсынылды.

Зерттеу материалы ретінде халықаралық ғылыми әдебиет, ЮНЕСКО және Sapere ұйымдарының әдістемелік ұсынымдары, сондай-ақ балаларға арналған философияны дамыту бойынша әлемдік тәжірибе қамтылды. Атап айтқанда, Ұлыбританиядағы The Philosophy Foundation ұйымының «Socratic Dialogue» (Gregory, 2019) және «Thinking Moves» (The Philosophy Foundation, 2021) әдісі, Нидерландта P4C балалардың ойлау

автономиясын дамытуға бағытталған «достық», «әділеттілік», «билік», «тіл» тақырыптарын қамтитын модульері (Wartenberg, 2014) зерделенді.

Аталған материалдарды талдау, балаларға арналған философиядағы ұғымдарды, метафораларды талдау және мазмұнын ашу үшін герменевтикалық әдіс қолданылды. Халықаралық бағдарламалардың мазмұнын ашу үшін, әдістемелік тәжірибелерін талдау үшін контент-талдау әдісі пайдаланылды. Салыстырмалы философиялық шолу шетелдік және қазақстандық үлгілердегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға көмектесті.

Философиялық дискурс

Әр адам өмірге сәби, пәк, әлсіз, таза, барлық күнәдан ада болып келеді. Баланың осындай пәктігіне қызығып, оған назар аударған, үңіле қараған әр дәуірдің бірқатар ойшылдары бар. Ғылыми айналымдағы «таза тақта», «бос парақ» деген аудармалар латынның «*Tabula rasa*» деген сөзімен және оны философ Джон Локктың ғылыми айналымға енгізуімен таныс. «*Tabula rasa*» – «бос парақ» деп тәржімаланғанымен балауызды қыздырып, содан кейін оны терістеу арқылы өшірілген ноталар үшін қолданылатын римдік табуладан шыққан (Smith, 1898). Сонда сөз «бос парақтан» «өшірілген парақ» сөзіне қарай ойысады, мағынасы бормен жазылғанға дейін тақтаның бос екендігін білдіреді. Екеуін де тақтайшадағы балауызды еріту немесе шифердегі борды өшіру арқылы бірнеше рет жаңартуға болады. Демек, адамның пәк күйінде дүниеге келуінен бөлек, оның санасын, ойын тазартып, жаңалап тұру мүмкіндігі бар. Яғни, адамның қателесуге, бірақ оны қайта жөндеуге қалпына келтіруіге болады. Алайда үнемі емес, себебі өшірілгенмен де онда із қалады, ал көп жазылып, көп өшіріле берсе онда ескі іздермен жаңа жазулар шатасып, оны анықтау мүмкін болмай қалады. Ол өз тазалығымен қоса айқындығын да жоғалтады. Ендігі мәселе таза тақтамен ақ параққа жазуды кім жазады? Балалық шақ философиясын зерттеу қажеттілігінің түбірі осы мәселеге келіп соғады.

Батыс философиясында «*Tabula rasa*» ұғымы Аристотельдің «Жан туралы» деген трактатындағы «жазылмаған тақта» ұғымынан басталады. Аристотельдің пайымдауынша, жазылмаған тақтаға жазу үшін не деп жазу керектігін ойлану керек. Тақта жазу құралы болғандықтан оған жазудың түсетіні анық, бірақ ол сол жазу түскенінше шартты түрде таза болғанымен жазу үшін лайықталынған. Сондай-ақ, кітаптағы мәтіндер адам оқығанға дейін бар, бірақ оның мәні адамның сол мәтінді оқығаннан кейін ғана ашылады. Ал оқығанға дейін ол кітаптың ішінде тұра береді. Аристотельдің бұл идеясын сол замандағы танымал мектептердің бірі стоиктер іліп әкетіп ақыл-ойды тану нөлден басталады деген тұжырым жасады. Ойлана қарасақ, дүниеге келген бала атадан балаға мұраланатын гендік көрсеткіштермен ұлттан-ұлтқа мұраланатын мемдік көрсеткіштерді өзімен бірге алып келеді, бірақ олар тақтаға жазылмаған, дегенмен бар.

Философ-схоласт Бонавентураның ойынша рух дегеніміз - «*Tabula rasa*», бірақ ол тек ақылдың ғана танитын төменгі сатыға қатысты солай айтылады. Ал ішкі дүние мен жоғары нәзік әлемді тануға келгенде интеллект қасиетті нұрға мұқтаж болады деген болатын. Демек, таза тақта, бірақ ол қарапайым, тұрмыстық немесе пенделік танымның үлесі, ал одан жоғарғысына жарамсыз.

XI ғасырда «*tabula rasa*» ұғымын өзінің білім теориясында ұтымды пайдаланған парсы философы Ибн Сина. Ол туған кездегі адамның ақыл-ойы *tabula rasa*-ға ұқсас, ол білім беру арқылы жүзеге асырылатын және белгілі болатын таза потенциал. Адам әмбебап тұжырымдамалар абстракцияланатын осы әлемдегі объектілермен эмпирикалық танысу арқылы ғана білімге қол жеткізеді. Ол ойлаудың силлогистік әдісі арқылы дамиды. Бақылаулар одан әрі дерексіз ұғымдарға саятын ұсыныстық тұжырымдарға әкеледі. Интеллекттің өзі материалдық интеллекттің даму деңгейіне ие (әл-'Ақл әл-хайулани), белсенді интеллект үшін білім ала алатын қабілет (әл-'Ақл әл-Фа'ил), адам ақыл-ойының жай-күйі білімнің керемет көзімен үйлеседі. Ибн Сина тұжырымына жүгінсек таза тақтаға жазылатын жазу білім және оны игеретін қабілет арқылы жүзеге асады.

Tabula rasa ұғымы әрі қарай Оксфорд түлегі, «Адам санасы жайлы тәжірибе» атты танымал еңбектің авторы Джон Локктың «Адам жаны – таза тақта» деген жаңаша интерпретациясы арқылы өз жалғасын тапты. Адамның көрген, білгендері таза тақтаға жазылады, бұл – Сана. Дж. Локк пікірінше, адам интеллектісінде өмірде жоқ, кездеспейтін еш нәрсе болмайды. Ол екі түрлі – «сыртқы» және «ішкі» тәжірибе ретінде сипатталады. Біріншісінен – «сезім», екіншісінен – «рефлекс» пайда болады деді (Нұрадин, 2021). Локктың «Адам жаны – таза тақта» деген сөзі көпшілік арасында афоризм сынды таралып кетті. *Tabula rasa* ұғымының мәнін психология, нейробиология, тіпті жасанды интеллект жасау мақсатында информатика ғылымы да пайдаланды. Осылайша «*Tabula rasa*» ұғымының баланың дүниеге келуімен байланыстылығы «бала философиясының» қалыптасуына түрткі болды.

Жаны таза баланың ойлау қабілетінде шекара жоқ, ал адам әлеуметтену процесіне енген сайын оның жаны ластанып, жараланып, ойлау қабілетінде мәжбүрлі де мәжбүрсіз кедергілер, нұсқаулар, бұйрықтар т.б. орын алады. Бір қызығы, бала ерте жастан философиялық сұрақтар қояды. Жануарлардың жаны бар ма, Құдай бар ма, қайтыс болғаннан кейін адамға не болады, қандай да бір шынайы нәрсе бар ма, мейірімді болу керек пе деген сияқты сұрақтар қояды. Бұл сұрақтар философиядағы болмыс, сана, құндылықтар, адам проблемасы сияқты негізгі проблемаларды қамтиды.

К.Ясперстің пікірінше, қандай да бір себептермен кең ашық өмір сүретін балаға тән философиялық қабілеттер өсе келе жоғалады, ересектер әлеміне ақырындап ену арқылы нұсқаулар, пікірлер мен конвенциялардың тұтқынына түседі, стандартты білім беру және тәрбиелеу арқылы тегістеледі. Егер біз олардың ойларын жинақтай алсақ, онда біз аса бай философияға қол жеткізе аламыз. Демек, ересек өмірдің тұрмыстық тауқыметімен ластанбаған баланың таза жадысын ғылымның пайдасына жарату үшін де балаларға арналған философия қажет.

«Балалар философиясы» атты еңбек жазған А.Т. Болотов (Болотов, 2012) бір ханыммен оның 14 жастағы Феона мен 13 жастағы Клеон есімді балалары арасындағы диалогты негізге алған. Қазақтың «Ақыл жастан, қына тастан», «Жас келсе, іске», «Жақсы жастан шығады, асыл тастан шығады», «Балалы үйдің ұрлығы жатпас», «Бір бала атаға жете туады, бір бала атадан өте туады, бір бала, кейін қарай кете туады», «Болар бала бесігінде бұлқынар, болар құлын желісінде жұлқынар» т.б. мақалдарының астарынан жоғарғы қабілеттің барлық балаға тән еместігін аңғаруға болады. Әр бала қанының тектілігіне

қарай тартып өмірге келеді, әрі отбасындағы тәрбие мен заманындағы ағымға қарай мың сан құбылады.

Қазақ философиясында баланың ата-ана үшін әрі өз заманындағы алатын орны мен рөлі нақты көрсетілген, халық ауыз әдебиетінде де балалардың алғырлығы, ересектерден басып озуы, қиын қыстау кезінде жол табуы жақсы көрсетілген, алайда ол арнайы балалар философиясы ретінде айқындалып, заманауи әдістемелерге сүйенген бағдарламалар өңделмеген, сондықтанда бала философиясын тың, әлі зерттелмеген бағыт деп атауға болады. Бұл бағыт салыстырмалы тұрғыдан әлем үшін де жаңа.

Әдебиеттік шолу

Мақаланың бір бөлігі және зерттеу процесінің негізгі қадамы ретінде әдебиеттерге шолу жасау ұйымдастырушылық схемаға ие. Отандық философия үшін жаңа әрі өзекті болып отырған «балалар философиясы» және оның әлемдік тәжірибелері мен болашақ ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі туралы. Мақала бала философиясының негізін қалаушы Мэттью Липман еңбектері мен ғалым еңбегіне сүйенген өзге шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді. Атап айтсақ, Липманның «Philosophy goes to school», Гиббстің «Key Thinkers in Education. Matthew Lipman and Ann Margaret Sharp. Philosophy for Children's Educational Revolution. Springer Briefs on Key Thinkers in Education», Уорлейдің «Corrupting Youth: History and Principles of Philosophical Enquiry», Юлинаның «Философия для детей: обучение навыкам разумного мышления» және Болотовтың «Детская философия» еңбектері. Мақалада балалардың дарындылығы мен тапқырлығының арқасында ерте жастан ересектердің көзіне түскен, ерекшеленген тұсы Дауталиев пен Исаева еңбектерімен негізделген. Әлемдік білім беру саласындағы адамның ойлау жүйесін көрсететін танымал көрсеткіштердің бірі «эссе» жазу жүйесін ғылыми айналымға ендірген Витгенштейннің «Философские исследования» еңбегі философ педагог ұғымын түсіндіру мақсатында пайдаланылды.

Р4С-тің жаһандық тәжірибелері

Әр адамның өмірі, әсіресе балалық шағы оның кәсіби жетістігінің бір бөлігі. Мансап жолыңда дағдарысқа ұшыраған адам, оның шешімін көбіне өзінің балалық шағына саяхат жасап, ондағы көмескіленген, ұмытылуға шақ қалған майда бөлшектерді еске түсіру арқылы өз дағдарысынан шығу жолын құрастыра алады. Шын мәнінде философияны ересектерге немесе балаларға арналған деп бөлу қажеттілігі орын алып отырған жоқ, маңыздысы, балаларға философиямен айналысуға қажет дағдыларды бере алу мәселесінің орын алуы. Әрбір ересек адам балалық шақтан өтті және оның жойылып кетуі мүмкін емес, тіпті ересек өмірдің кей тұстарында балалық әрекеттерді қолдану қажеттілігі орын алуы да мүмкін.

Мақала балалар философиясы бойынша болғандықтан тақырыпты жан-жақты ашу үшін осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен ғылыми жарияланымдарға шолу жасаған жөн. Шолуды балаларға арналған философия ұғымын ғылыми айналымға енгізген Мэттью Липман мен Энн Маргарет Шарптан бастаған жөн.

Мэттью Липман «Moral Education Higher-Order Thinking and Philosophy for Children», қазақшаға аударғанда шамамен «Адамгершілік тәрбиесі туралы жоғары деңгейде ойлау және балаларға арналған философия» атты еңбегімен ғылыми ортаға танымал ғалым. Липман мен Шарп біріге отырып 1974 жылы Нью Джерсидегі Монклер университеті жанынан IAPC – балаларға арналған философияны ілгерілету институтын құрды. Аталмыш институт әлемнің бірқатар елдерінде Р4С бағдарламасын тәжірибелеп, философиялық зерттеулер жөніндегі халықаралық кеңес құрды. Бұл ортадан қаншама философ, педагог, психолог, социолог мамандар біліктіліктерін арттырып пионер-фасалитатор ретінде әлемнің әр бұрышында еңбек етуде.

Липман әдісі деген атауға ие болған метатану және өзін-өзі түзету немесе сыни тұрғыдан ойлаудың практикалық аспектісін тереңінен зерттеу және оны түсінікті, қолданбалы етіп ұсыну (Gibbs, 2007) көпшіліктің ойынан шығып, бүгінде жаһандық қозғалысқа айналды. Балалар философиясының атасы саналатын М.Липманның Р4С бағдарламасының әдістемесі мен педагогикасы екі философиялық дәстүрге жүгінеді. Оның бірі Сократтың диалектикасы болса, екіншісі Джон Дьюидің «зерттеушілер қауымдастығы» (Worley, 2021). Мемлекеттің озық ойлы азаматын интеллектуалды ізгіліктер арқылы шабыттандыру қажеттілігі демократиялық қоғамды нығайту үшін негіз болды, сол себептен балаларды практикалық философияға жақындату тетіктері қарастырылды. Балаларды дамыта отырып олардың идеяларын қолдау және бүкпесіз, әлеуметтік күштермен тұншықтырылмаған таза ойды игілікке жарату балалар философиясының басты мақсаттарының бірі болды. Ресейде балалар философиясының ізашарлары ретінде Н.Юлина (Юлина, 2005) мен Л. Ретюнскихті атауға болады.

Мақаланың талқылау бөлімінде айтылғандай балаларға арналған философияның ізашарлары М.Липман мен Э.М.Шарптың еңбектеріне ғылыми-талдамалық шолу жасай отырып балалардың қызығушылықтары тек ғана психологиялық жағынан ғана емес, сонымен бірге философиялық, яғни экзистенциалдық және гносеологиялық жағынан қарастыру қажеттілігі орын алатынын негіздей отырып, оның маңыздылығын атап өткіміз келеді. Балалардың балабақша, мектеп сынды бағдарламаланған біркелкілік пен бірізділік шаблонуна түспей тұрғандағы ойлары мен таусылмайтын сұрақтары астарында гносеологиялық және этикалық пайымдаулар алғышарттарымен ересектерге көрінбейтін және сезілмейтін әлем мен адам түсінігінің негізгі принциптері жатқандай. Бала философиясын зерттеушілердің бірі ғалым Г.Б.Мэтьюздің пікірінше балалардың әлем мен адам туралы сұрақтары шын мәнінде гносеологиялық негізге сәйкес келеді, себебі олар бұл сұраққа жауапты іздемейді, сондықтанда табиғи бейімділікті ашады (Goupil, 2023). Липман балалардың жария ете алмаған түпкі терең ойларын түсінгендіктен балалардың ересектермен диалогы бар жариялымдарды жинақтады. Липман пікірінше әр романда балалар мен жастардың өз тәжірибелерінің философиялық өлшемдері бар. Ересек философтардың шығармашылығындағы таныс аумақ болып табылатын дерексіз ұғымдар романдарға енген. Роман қызығушылық серпінін бергенмен ізденімпаз серпінді сақтай алмайды, ол үшін балаларға арналған жаттығулар, ойындар және талқылау жоспарлары қажет (Lipman, 1988). Липманның тұжырымдамасына сәйкес түрлі талқылаулар арқылы балаларға сұрақтар қою үшін балалардың діни және қоғамдық, отбасылық құндылықтарына

қарау қажеттілігі туындайды. Бала психологиясы жұмсақ, әрі әлсіз. Сондықтан да бала философиясымен тереңдеп кетуге болмайды, себебі бұл қазақ қоғамында әлі зерттелмеген және сыналмаған. Бала кәмелеттік жасқа дейін заң бойынша ата-ана жауапкершілігінде болғандықтан, зерттеу деңгейі мен дәрежесі жоғары болуы тиіс.

Осы тұста елімізде балалар мен ересектердің қарым-қатынастарын қалыпты ету мақсатында бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттар бар. Айта кетсек, «Бала құқықтары туралы Конвенция 20.11.1989 ж. Бас Ассамблеяның 44/25 қарарымен қол қойылды, ратификациялау және қосылу үшін қабылданды және ашылды, 49-бапқа сәйкес 2.09.1990 ж. күшіне енді», ««Қазақстан - 2050» Стратегиясы, «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің 14.12.2012 ж. Жолдауы», «08.08.2002 ж. «ҚР Бала құқықтары туралы» N 354 Заңы», «ҚР Заңының 46-бабы және ҚР Президентінің Әкімшілігі Басшысының 29.12.2012 ж. № 01- 38.152 бұйрығы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс, «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы өзгерістер мен толықтыруларымен», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңдар т.б.

Қазақстандық контекст және бейімделу мүмкіндіктері

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен тұрмыстық тілінде болашақта мықты азамат болатын баланың жас кезінде айқын белгілері болатындығын анық көрсеткен. «Болар бала бесігінде бұлқынар, болар құлын желісінде жұлқынар!», «Болар бала он бесінде баспын дер, болмайтыны қырық бесте жаспын дер!», «Болар бала боғынан, болмас бала жоғынан!» деген мақалдарға қоса, есімдері елге мәшһүр би-шешендеріміздің жас кезінен өткір тіл, терең ойларымен көзге түскені мәлім. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидің ерлігі, қайсарлығымен қатар, достық құшағын ұғындыратын қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзі бар. «Сөз бермейтін шешенмін, жол бермейтін көсеммін, қол бастаған батырмын, мың кісіге татырмын» деп, кеудесін қақан Қонтажыдан дат сұрап өзінің шешендігімін ханды райынан қайтарған Қазыбек би сол кезде 15 жаста екен. Қалмақтың ханы Қонтажының «Япырмай, дауысың қаздың дауысындай екен, қазақ деген қаз дауысты болады екен. Сенің атың қаз дауысты Қазыбек болсын. Мына қасыма отыршы» (Қыдырашев, 2021) дегенінің өз жас баланы мойындауы емес пе!

Халық арасында «Бала би» деген атқа ие болған Бименбет Есенәліұлы 90 жастан асып дүниеден озған қара қылды қақ жарған Досбол датқаның орнына топ ішінен датқа болып сайланғанда да жас шамасы 14-15 жасты құрайды. «Данышпанның сөздері, қараулы қар жолмен тең. Надандардың сөздері, асуы жоқ ормен тең!» – деп дана билігімен халыққа сыйлы болған Бала би жас та болса үлгілі істерімен Сыр бойы халқының алғысына бөленген (Исаева, 2014).

Қазақ халқының билер шежіресінде бала кезден сот төрелігіне қатысып, өзінің өткірлігімен көзге түскен дарынды балалар қатары көп. Мысалы:

- Ноғайдан шыққан Едіге би – 9-10 жас;
- Үйсіннен шыққан Төле би – 9 жас;

- Арғынан шыққан Қазыбек би – 13 жас;
- Алшыннан шыққан Әйтеке би – 7-8 жас;
- Керейден шыққан Жобалай би – 10-12 жас;
- Найманның Матайынан шыққан Қыдырәлі би – 9-10 жас;
- Мұжық би – 13 жас;
- Есентемірдің Бөкен биі – 17 жас;
- Найманнан шыққан Сасан би – 12 жас;
- Арғынның Тобықтысынан шыққан хәкім Абай -10 жас;
- Шорман би – 11 жас;
- Найманның Сыбанынан шыққан Аққожа би – 13 жас;
- Киікбай би – 17 жас (Дауталиев, 2013).

Балалардың жағдаятты дер кезінде бақылап ересектерден бұрын шапшаң ойлап тез әрі ұтымды жауап табуы үлкен философиялық әлеуетті көрсетеді. Генетикалық, яғни аталық тектілік және меметикалық, яғни ұлттық тектілік іргетасы мығым, екіжақты мықтылыққа ие балалар ғана философиялық ізденістерге кіру нүктелері ретінде қызмет ететін озық ойлау дағдыларына ие бола алады. Жоғарыда аталған жас билер тізімі осының айғағы.

Қазақ философиясында баланың ата-анамен өз заманында алатын орны мен рөлі нақты көрсетілген, халық ауыз әдебиетінде де балалардың алғырлығы, ересектерден басып озуы, қиын қыстау кезінде жол табуы жақсы көрсетілген, алайда ол арнайы балалар философиясы ретінде айқындалып, заманауи әдістемелерге сүйенген бағдарламалар өңделмеген, сондықтанда бала философиясын тың, әлі зерттелмеген бағыт деп атауға болады.

Қазіргі заманның келбеті мүлдем өзгеше. Қазір балалар өздерінің балалық шақтарын орта білім беру мекемелерінде өткізеді, барлық қажетті құндылықтар мен білім ресурстарын сол жерден табады. Философиялық біліммен танысу кезі тек университеттерден бастау алады. Университеттердегі міндетті пән тізіміндегі философияны барлық білім беру бағдарламалары оқиды. Осы тұста философия пәнінің оқытушысы, яғни Л.Витгенштейн негіздеген философ педагогикасының маңыздылығы алға шығады. Әрбір философия пәнінің оқытушысы педагог және әрбір пәннің өзіндік философиясы бар екені анық. Қазіргі таңдағы динамикалық әлем адамның тек кәсіби ғана емес, өмірлік тәжірибені де үнемі толықтырып, жаңартып отыру қажеттілігін алға тартып отыр. Бұл ауқымды өзгерістер философияда да, педагогикада да, білім берумен байланысты басқа пәндерде де жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етті. Осы тұста екі пәнаралық симбиозына тоқталу маңыздылығы бар. Философия адам өмірінің мәні мен мазмұнын зерттейтін болса, педагогика философияға таным құралдарын бере алады, ал екеуі біріге келе, адамды тәрбие пәніне айналдырып, философия мен педагогиканың рухани диалогындағы басты объектіге айналады. Әрбір педагог мәселенің философиялық терең тұсына бойламай дұрыс шешім қабылдауы екіталай.

Әрбір философия пәнінің оқытушысы – педагог, оның міндеті философия сынды даналық пен ізгілікке негізделген қордаланған ойлар мен идеялар жүйесін реттілікпен білім алушыға ұсыну, оны бірізділендіру және берілген білімнің практикалық өнімділігін көруге бағыттау. Философ философиялық білімнің қайнар көзі бола тұра оны білім

аушыға беру техникасы мен технологиясын игере алмаса онда ол тұйықталған білімге айналады. Сонымен қатар педагогика сынды қалыптасқан ғылымның философиясы да аса маңызды, себебі әрбір педагог білім алушылар бойына жаңа жүріс-тұрыс пен мінез-құлық үлгілерін сіңіре алады, алайда ол «ізгілікті жаңа» болуы тиіс. Білім алушылардың табиғи ыңғайларына философиялық талдама жасай отырып жаңа үлгілерді енгізу ең дұрыс қабылданған шешімдердің бірі, себебі әрбір енгізілген жаңа үрдіс, белгілі бір уақыттан кейін үйреншікті қалыпқа айналады, мұндай жайт олардың өмір сүру формасының ажырамас бөлігі ретінде қабылданады.

Техникалық, медициналық, жаратылыстану, гуманитарлық, жалпы қандай білім болмасын оның педагогикалық тұрғыдан білім алушыға беретін техникасы мен технологиясы жеткіліксіз болса, онда ол толық білім бола алмайды. Екі жағалауды бір-біріне қатыстыратын өткел секілді білім берушінің әртүрлі білім алу көздерінен әртүрлі кезеңдерде өз бойына жинаған білімін білім алушыға беру процесі тек педагогика арқылы ғана жүзеге асырылады. Егер педагог қолында практикалық өнімнің нәтижелілігін көрсете алатын нақты өлшем болатын болса, онда ол өзі бөліскен оқу-мәдени тәжірибесін білім алушының қаншалықты сіңіргенін немесе жақсы түсінгенін жеткілікті түрде бағалай алады. Демек, педагогиканың ғылым ретінде дамып білім беруші мен білім алушы ортасында құрал қызметін атқаруы аса маңызды.

Қорытынды

Балалардың балалық шақтағы белгілі бір табиғи-танымдық қызығушылықтарының қалыптасқан, орныққан философиялық дәстүрлермен сәйкес келуі моральдық пайымдау мен сыни тұрғыдан ойлау сынды күрделі негізді құрайды. Балалардың ой жүйесін философияға қызықтыру арқылы танымдық тәсілдермен ашу жаңа білім беру стратегияларын жасауға толық мүмкіндік береді. Балаларға арналған философия бір қарағанда ғылымнан алыс болып көрінуі мүмкін, алайда бұл мәселенің мақсатты зерттелуі эмпирикалық қолдауды қажет етеді. Балалар философиясын зерттеудің негізгі әдістері болып табылатын жоспарлау, бақылау және бағалау үштігі танымдық процестердің міндеттері мен стратегияларын түсінуді қамтитын когнитивті білім бола алады. Балаларды қызықтыра отырып терең ойлауға жетелеу, философиялық зерттеу әдістерінен белгі беретін сыни және жүйелі ойлау құрылымын түзе алады. Табиғи ашық, сөз құмар балалармен диалог құра отырып этиканың «әділеттілік», «мейрімділік», «шынайылық», «ар» сынды бітімдік тірек ұғымдарының өзгермелілігі мен алуантүрлілігі контекстін зерттеу мүмкіндігі бар.

Әрбір ересек адам балалық шақты басынан өткерді, ал әрбір бала ешқашан әлі ересек болып көрген жоқ. Бүгінгі күннің әлемдік картинасы күн сайын құбылып тұр. Бұл өзгермелі әлемге ересектердің өзі әзер көндігуде, оның құбылмалылығын түсінбеуде. Мұндай ситуацияда бала не істеуі керек немесе ересектер балалар үшін не істеуі керек деген сауал туындайды. Бұл балалардың практикалық-философиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаһандық сауал және жаһандық қозғалыс. Тек жаһандық деңгейдегі бірлескен ізденістер мен рефлексиялар арқылы ғана біз әлемнің қиындықтарын жеңу, болашақты бағамдаудағы когнитивті икемділік пен өміршеңдікті дамытатын балаларға арналған философияны жасап шығара

аламыз. Балалар философиясына бағытталған стратегиялар балалардың тек сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар моральдық және эмоционалдық интеллектін дамытуға көмектеседі, өйткені олар көптеген көзқарастарды ескеріп, олардың құндылықтары мен сенімдері туралы ойлануға шақырылады. Мақала отандық философия ғылымы үшін жаңашылдық болып отырған «бала философиясына» зиялы қауым назарын аудартуды көздейді, зерттеулер өз жалғасын табады.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылады. (грант №AP23485390)

Авторлардың үлесі

Нұрадин Г.Б. – идея ұсынушы, оны теориялық тұрғыдан дамытушы, тұжырымдамалық идеяны негіздеуші және оның дәлелдемелік контурын жасаушы.

Қиякбаева Ұ.К. – мақала бағытындағы ғылыми жариялымдар жасаған авторлардың еңбектеріне аннотациялық шолулар жасаушы.

Аккулиева Ә.Е. – мақаланың әдістемесін жасаушы, жинақталған ақпараттарды сұрыптаушы, мақаланың логикалық жалғасымдылығын құрушы.

Кульбаева Д.Д. – мақаланың зерттеу дизайнын, зерттеу мақсаты мен қорытындысын құрушы, мақаланы талапқа сай рәсімделуші.

Барлық авторлар сыни кері байланыс беріп, зерттеу, талдау жұмыстарын орындады, осы іс-әрекеттер негізінде қолжазбаның дизайны дайын болды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы (қысқаша курс). – Алматы: «Мектеп», 1971. – 242 б.

Петрова В.П., Хасанов М.Ш., Джаамбаева Б.А. Философия. Оқулық. – Алматы, 2011. -145 б.

Витгенштейн Л. Философские исследования // Витгенштейн Л. Философские работы: в 2-х ч. / пер. с нем. М.: Гнозис, 1994. Ч. 1. С. 75-319.

Gibbs, P. Key Thinkers in Education. Matthew Lipman and Ann Margaret Sharp. Philosophy for Children's Educational Revolution. Springer Briefs on Key Thinkers in Education. ISBN 978-3-031-24147-5 <https://doi.org/10.1007/978-3-031-24148-2>

Worley P. Corrupting Youth: History and Principles of Philosophical Enquiry. Vol. 1. London, 2021.

Юлина Н.С. Философия для детей: обучение навыкам разумного мышления. М., 2005.

Smith, Sir William (1898). Cornish, F. Warre (ed.). A Concise Dictionary of Greek and Roman Antiquities. London: Spottiswoode and Co. 829 p.

Нұрадин Г.Б. Практикалық философия «Философия» пәні бойынша философиялық емес және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы ЖШС Лантар Трейд, 2021 – 234 б.

Болотов А.Т. Детская философия. Петрополис 2012. - 854 с.

Goupil, L., & Proust, J. (2023). Curiosity as a metacognitive feeling. Cognition, 231. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2022.105325>

Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ., Қажымова Қ.Р., Қыдыршаев О.А., Мәлікова М.М. Шешендік дәстүр – ұлттық рухани құндылық тұнбасы // БҚУ Хабаршысы. №3(83). -2021. -56-68 бб. DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).8

Исаева Ұ. (2014). Оқшы ата мазаратындағы тарихи тұлғалар. Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). №8. 17-23 бб.

Lipman, M. 1988. Philosophy goes to school. Philadelphia: Temple University Press.

Дауталиев К.Н. Институт отправления правосудия «бала би» в раннем возрасте в традиционном казахском праве // Право и государство: теория и практика. 2013. № 7(103) . -129-134.

References

Berzhanov K., Musin S. Pedagogika tarihy (kyslasha kurs). - Almaty: «Mektep», 1971. – 242.

Petrova V.P., Hasanov M.Sh., Dzhaambaeva B.A. Filosofiya. Oqulyq. – Almaty, 2011. -145.

Vitgenshtejn L. Filosofskie issledovaniya // Vitgenshtejn L. Filosofskie raboty: v 2-h ch. / per. s nem. M.: Gnozis, 1994. Ch. 1. S. 75-319.

Gibbs, P. Key Thinkers in Education. Matthew Lipman and Ann Margaret Sharp. Philosophy for Children's Educational Revolution. Springer Briefs on Key Thinkers in Education. ISBN 978-3-031-24147-5 <https://doi.org/10.1007/978-3-031-24148-2>

Worley P. Corrupting Youth: History and Principles of Philosophical Enquiry. Vol. 1. London, 2021.

Yulina N.S. Filosofiya dlya detej: obuchenie navykam razumnogo myshleniya. M., 2005.

Smith, Sir William (1898). Cornish, F. Warre (ed.). A Concise Dictionary of Greek and Roman Antiquities. London: Spottiswoode and Co. 829 p.

Nuradin G.B. Praktikal'nyy filosofiya «Filosofiya» pani bojynsha filosofiyalyk emes zhane koramdyk-gumanitarlyk bagyttagy bilim beru bagdarlamalarynyn ogytushylary men studentterine arналган оқу құралы. – Almaty ZhShS Lantar Treid, 2021 – 234 b.

Bolotov A.T. Detskaya filosofiya. Petropolis 2012. - 854 s.

Goupil, L., & Proust, J. (2023). Curiosity as a metacognitive feeling. Cognition, 231. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2022.105325>

Kydyrshaev A.S., Azhigaliev M.K., Kazhymova K.R., Kydyrshaev O.A., Malikova M.M. Sheshenduk dastyr – ulttyq ruhani qundylyk tunbasy // БҚУ Хабаршысы. №3(83). -2021. -56-68 бб. DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).8

Isaeva U. (2014). Okshy ata mazaratyndagy tarihi tulgalar. Kazakstan tarihy (adistemelik zhurnal). №8. 17-23 bb.

Lipman, M. 1988. Philosophy goes to school. Philadelphia: Temple University Press.

Dautaliev K.N. Institut otpravleniya pravosudiya «bala bi» v rannem vozraste v tradicionnom kazahskom prave // Pravo i gosudarstvo: teoriya i praktika. 2013. № 7(103) . -129-134.

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Нұрадин Гүлхан Болатқызы – қауымдастырылған профессор (доцент), философия ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, философия және саясаттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Сүлейменов к-сі, 7, 080000, Тараз, Қазақстан, gnuradin@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4067-9831>

Nuradin Gulkhan – Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, M.Kh. Dulati Taraz Regional University, associate professor of the Department of philosophy and political science, Suleimenov Str., 7, 080000, Taraz, Kazakhstan, gnuradin@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4067-9831>

Нурадин Гульхан Болатовна – ассоциированный профессор (доцент), кандидат философских наук, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, ассоциированный профессор кафедры философии и политологии, ул. Сулейменова, 7, 080000, Тараз, Казахстан, gnuradin@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4067-9831>

Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі, Достық даңғ., 13, 050010, Алматы, Қазақстан, kyakbaeva@mail.ru

Kiyakbaeva Ulbosyn – Abai Kazakh National Pedagogical University, head of the Department «Preschool education and social pedagogy», Dostyk Ave., 13, 050010, Almaty, Kazakhstan, kyakbaeva@mail.ru

Кыякбаева Улбосын Козыбаевна – Казахский национальный педагогический университет им. Абая, заведующий кафедрой «Дошкольное образование и социальная педагогика», Пр. Достык 13, 050010, Алматы, Казахстан, kyakbaeva@mail.ru

Аккулиева Әсия Ертайқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия кафедрасының докторанты, философия магистрі, Әл-Фараби даңғ., 71, 050040, Алматы, Қазақстан, akkulieva_asiya@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>

Akkulieva Asiya – doctoral student of the Department of «Philosophy», Al-Farabi Kazakh National University, Master of philosophy, Al-Farabi Ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan, akkulieva_asiya@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>

Аккулиева Асия Ертаевна – докторант кафедры «Философия» Казахского национального университета им. Аль-Фараби, магистр философии. Пр. Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан, akkulieva_asiya@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>

Кульбаева Дина Дюсебаевна – М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, философия және саясаттану кафедрасының меңгерушісі Сүлейменов к-сі, 7, 080000, Тараз, Қазақстан, kulbaeva68@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6126-4905>

Kulbaeva Dina – Head of the Department "philosophy and political science", Taraz regional university named after M.Kh. Dulati Suleimenov Str., 7, 080000, Taraz, Kazakhstan, kulbaeva68@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6126-4905>

Кульбаева Дина Дюсебаевна – Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, заведующая кафедрой «Философия и политология», ул. Сулейменова, 7, 080000, Тараз, Казахстан, kulbaeva68@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6126-4905>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received by the editorial office:: 05.05.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 02.06.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025